

Көсембай негізгі мектебінің «Жас тарихшылар» үйірмесінің 2023-2024 оқу жылындағы талдауы

2023-2024 оқу жылында Көсембай негізгі мектебінде «Жас тарихшылар» үйірмесі «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында 5-9-сынып оқушыларын қамтып жұмыс жасады. Үйірмеге барлығы-24 оқушы қамтылды.

Үйірме жұмысының мақсаты: Жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, адамзат басынан кешірген аса елеулі тарихи оқиғалармен, ол жинақтаған бағалы құндылықтармен таныстыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Міндеттері:

1. Оқушылар бойына патриоттық-азаматтық құндылықтарды дарыту.
 2. Туған халқына деген құрмет, мақтаныш сезімін ұялату.
 3. Ұлттық рухты дамыту.
 4. Маңызды істерді шешуге қабілетті, іскер, жауапкершілікті жеке тұлғаны қалыптастыру.
- Үйірме барысында оқушылар I-тарау Тарих өткеннің сабағы, кейінгінің алдағы өнегесі, II-тарау Қосалқы тарихи пәндер, III-тарау Ұлы даланың жеті қыры, IV-тарау Құпияға толы әлем тараулары негізінде 288 сағат көлемінде жаңа білімдер меңгерді. Оқушылар үйірме жұмысына қызығушылықпен қатысты. Жоспар бойынша «Ұлы даланың жеті қырының сипаттамасы», «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақырыптарында ашық сабақтар өтілді. Сонымен бірге төмендегідей сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.



«Аталар ерлігі – ұрпаққа мұра» тақырыбында үйірме оқушыларымен сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғысының батырлары туралы түсінік беру, үлкендерді құрметтеуге, патриоттық сезімін қалыптастыру, ерлікке Отаншылдыққа, елжандылыққа, аталар ерлігін мақтан тұтуға баулу. https://www.instagram.com/p/C6n-w0okWN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Партизан жазушы Қасым Қайсеновтің “Жау тылындағы бала” шығармасын оқыту мақсатындағы кезекті шара “Балалық шағын соғыс өрті шарпыған” тақырыбында эссе жазылды.

https://www.instagram.com/reel/C4gAZivo3_c/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



“Діни экстремизм жастарға қандай қауіп төндіреді” тақырыбында тарих пәні мұғалім түсінік жұмысын жүргізді. Жұмыс барысында оқушыларға экстремизм ұғымы туралы түсінік беріп, экстремизм түрлері радикализм, терроризм туралы айтылды. Сонымен қоса жат ағымдағы діни бірлестіктер туралы ақпарат беріліп олардан аулақ болу үшін жадынамамен таныстырылды.

https://www.instagram.com/reel/C3mSUVLlsfz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Әр оқушы өз шығармашылық қабілеттерін арттыра түсті. Туған өлкенің табиғатынан бастап, қазіргі жағдайына дейінгі кезеңдер бойынша бірнеше тапсырмалар орындады. Үйірме елтану, саясаттану,

тарих сияқты мамандықты қалаған жеткіншектерге бағыт-бағдар көмек береді. Оқушылар тарихи материалдарды жан-жақты зерттеп, саралап, меңгерді. Үйірме жұмысы барысында оқушылар бірлікте жұмыс жасай отырып, өз қабілеттерін арттыра түсті. Сонымен бірге алған теориялық білімдерін практикада да жүзеге асыра алды.

Үйірме жетекшісі:  А.М.Керей

